

Ұлағатты ұстаз Күләш Айтмолдақызының ізгілік пен даналық тағылымы

Оразбекова Күләш Айтмолдақызы елбасымыз Нұрсұлтан Абишұлы Назарбаев айтқандай әр маман өз ісін төменнен бастасын дегеніне сай оқу ісінің бар баспалдағынан өткен, ең биігіне жеткен ғалым - ұстаз: аға пионервожатыйдан бастап, Абай атындағы Қазақ Педагогикалық институтының тарих және филология факультеті бітіріп, тәрбиеші, Талдықорған қаласындағы шопандардың балаларына арналған интернатта оқытушы-мұғалім, содан соң Талдықорған облысының аға инспекторы болып қызмет атқарады.

Москвада аспирантурада оқып, 1976 жылы педагогикалық психологиядан кандидаттық диссертациясын қорғап, Ыбырай Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының кіші, сонсоң аға ғылыми қызметкері және доцент атағын алып сол институттың мектеп оқушыларының физиологиясы, гигиенасы және психологиясын зерттеу лабораториясын басқарады. Тәуелсіздік алғаннан кейін Күләш Айтмолдақызының 3 томдық «Ұлттық психология» атты монографиясын жариялайды. Осының негізінде «Ұлттану, Жантану, Адамтану» атты оқулықтарын шығарады. Ұлттық педагогика мен психологияға қосқан үлестері үшін «Посол Мира», «Голубь Мира», «Өмір үшін қызмет», «Халықаралық Бейбітшілік әлемі», «Ататюрк», «За милосердие и благотворительность», «Гиппократ», «Н.И. Пирогов», «Халықаралық қызыл крест», «Халықаралық Бейбітшілік әлемі», Алтын медаль иегері, «Қос Аққу», Әлия Мәншүк атындағы медальдармен 58 жылғы еңбек барысында «Ветеран Труда», екі мәрте «Халық ағарту ісінің озаты», Президенттің қолынан «Ерең еңбегі үшін медалімен» марапатталады.

Ұлттық педагогика мен халықтық психология негізінде 1985-1986 жылдары «Өмір мектебі» атты клуб ашты. Мақсаты студент жастарға кісілік, кішілік, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық, биязылық, тазалық, пәктік, ар-ұят, адамгершілік тәрбиесін жүргізумен қатар, ішіп-жеу, жүріс-тұрыс, іс-қимыл, тіпті махаббат, неке істеріне дейін кісіліктен аттамау, сергек, сезімтал болу тәрбиесін қалыптастырады. Ас ішкенде бір тізерлеп қырын отыру; астағамды обырлана асамау, шай, қымыз секілді сұйық нәрселерді ішкенде сорпылдатып дауыс шығармау; тамақты қалыпты ішу, мәдениетті азықтану, жатқанда, ұйықтағанда бір қырынан жиналып, жамбастап жату, шалқасынан қалай болса солай ашылып, шашылып жатпау, қандай да қауіп-қатерден сақ болып, өзін сергек ұстау, сезімтал болуға дағдылану жөнінде мұқият тәрбие жүргізеді. Қалай отыру, қалай тұру, қалай жүру, қалай сөйлеу, қалай күлу, қалай барыс-келіс, алыс-беріс жасауға дейін ұғындырып әрі үлгі-өнеге көрсету. Күләш Айтмолдақызы жастарымыздың бойындағы ұлттық педагогика мен халықтық психологияға деген ұмтылысты дамытуды егемендігімізді алғанға дейінгі кездің өзінде-ақ қолға алған еді.

Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру оның әдіснамалық, теориялық және әдістемелік негіздері жасалғанда ғана тиімді және нәтижелі болатындығы анық. Ғалым К.Оразбекова өзінің ғылыми зерттеулерінде

аталған проблемаларды шешу мақсатында «Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысында жеке тұлғаның ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздерін зерттеудің алғышарттарын, жеке тұлғаның ұлттық тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін, жеке ның ұлттық тәрбиесі тәжірибесін жоғары мектеп білім беру жүйесінде пайдалану жолдарын қарастырған. Атап айтқанда, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жететіндігімізге ерекше назар аударады.

Жалпы, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Оның мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаларды тәрбиелеу.

Ал ұлттық тәрбие – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен дінін құрметтеу, жастардың интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Ұлттық тәрбиенің басты нысаны – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек.

Сондықтан ұстаздар қауымы, оқу-тәрбие үдерісіне ұлттық тәрбиені ұрпақ бойына қалыптастырсақ, ұлт болашағын кемелдендіруге үлес қосатын едік дейді, Күләш Айтмолдақызы. Демек, өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару — педагогика, психология ғылымдарының порфессоры К.А.Оразбеаованың басты ұстанымы.

**Педагогика және психология институты директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары п.ғ.м., аға оқытушы К.Б.Малдыбаев**

К.П.Н. ассоциированный
профессор, доцент Каз НПУ
им. Абая
Сексенбаева Л.И

О людях труда

Очерк. Со слов д.п.н., д.психол.н, профессора Оразбековой К.А.
март 2016 года

«Знания оборачиваются
горечью, приносящей
преждевременную старость,
когда нет рядом человека, с
кем можно поделиться
радостью и печалью...»
(Абай, Слово Первое)

Образование, полученное от общества, должно быть посвящено служению обществу. Истинное служение приносит двойную пользу, оно делает счастливыми нас и дарует счастье другим. Бурное развитие вообще самого человеческого общества способствовало возникновению и стремлению к новоявленным тенденциям политического развития. Произошла переоценка таких базовых понятий как роль личности, свобода действия, творческое начало, альтернативный выбор и т.д. Все достижения, ранее казавшиеся невероятными, позволили по-новому взглянуть на форму и устройство общества и государства, а также роли отдельного индивида.

В данном очерке «О людях труда» хочется отразить вкратце жизненный поиск и достижения коллеги доктора педагогических и психологических наук, профессора Каз НПУ им. Абая Оразбековой К.А.

Как гласит казахская пословица: «Где знают тебя – ценят по достоинству, где не знают – ценят по одежде».

Свой первый жизненный опыт педагогической деятельности Куляш Айтмолдановна испытала уже будучи первоклассницей, когда учитель, отлучаясь с занятий, поручал ей ответственность и право, быть на время, вместо него. И девочка со всей своей детской серьезностью исполняла обязанности ведущего педагога. Примерами её стойкости, упорности, бесстрашия характера являются такие эпизоды – еще в школьные годы, когда будучи старшей пионервожатой в 10-ом классе организовала на лыжах экскурсию на ГЭС им. Абакумова. Она вела детей - учеников 6-7 классов по лыжной трассе 25 км, будучи сама десятиклассницей, не боясь, что кто-то их обидит, или встретятся на пути с волками.

После окончания школы семерых девочек-выпускниц, по направления посылают поступать в ВУЗ, как детей, у которых родители погибли на войне. Это был 1948 год. Куляш Айтмолдановну обязали подать документы в КазПИ им.Абая, но в душе она с детства мечтала быть доктором, лечить людей. Она забрала документы и сдала их в медицинский институт, прошла по конкурсу. Но здесь вмешался 1-ый секретарь райкома Мансуров... Взяв её за руку, повел к ректору Захарину сказав, чтобы вместо нее зачислили другую абитуриентку, а её документы сам сдал в КазПИ. Сказав ей: «Ты, как дочь, не исполнила завет отца, погибшего на войне, ты должна быть учителем, как он этого завещал». Но девушка опять проявила свое упрямство, она с этими баллами поступает в Политехнический институт, на архитектурный факультет. Здесь она получает телеграмму, что мать в больнице. Батырбеков – проректор Политехнического института освобождает ее от сельскохозяйственных работ, посылая ее домой. Но дома, в Аксу Алматинской области ее ждал «сюрприз». Первый секретарь райкома Мансуров сказал ей «Если не поедешь в КазПИ, то будешь работать старшей пионервожатой в школе им. Ы. Алтынсарина». Позже она была назначена директором Дома Пионеров в Аксу. Работала секретарем комсомольской организации, организовывала помощь чабанам в зимний период времени. В течение месяца помогала жителям в благоустройстве их жилья в больших резиновых сапогах и в легкой фуфайке, помогала пасти овец. К ним на точку пастбища приезжал 2-ой секретарь райкома Махметов, отмечая хорошую работу молодёжи. Так незаметно пролетели два года и мама, научившись горьким опытом своей упрямой девочки, за руку отвезла ее в г. Алматы в Педагогический институт им.Абая. На тот момент ректором был Малик Габдулин. Поступила на историко-филологический институт. Будучи студенткой, как и все однокурсники, в 60-ых годах принимала участие в поднятии целины в Костанайской области, Булаевском совхозе. Вместе с московскими студентами работала на целинных землях Казахской ССР. В Вузе она вела общественную работу, отвечая за культмассовый сектор. Ей повезло быть вместе с такими видными учеными страны как Мухтар Ауэзов, Сабит Муканов. Они читали им лекции на поточных группах в 17 аудитории, кстати, в двухэтажном здании, где находится сейчас институт Педагогики и психологии.

Недаром казахская пословица гласит: «Крылья сокола в полете крепнут».

И наша юная студентка становится дипломированным специалистом-учителем русского языка и литературы. Профессиональная деятельность начинается в школе-интернате для детей чабанов по специальности. Ежегодно

становясь победителем социалистических соревнований, получала грамоты на Всесоюзном съезде, посвящённом 100-летию рождения В.И. Ленина.

Далее ее назначили директором городского радиовещания, и женским голосом, а мужским на тот момент был Ораз Кулмагамбетов. После перевода в г.Уштобе в середине 1968 г. работала учительницей, старшим школьным инспектором.

1964-1970 г.г. ознаменовались годами обучения в аспирантуре в НИИ им. Алтынсарина. Написала работу по методике преподавания русского языка в казахской школе. Но эту работу комиссия посчитала психологической и отправила Куляш Айтмолдановну в Москву в Академию наук по психологии на единственное вакантное место, которое впервые Союз выделил для Казахстана. И она продолжила учебу в данном учреждении под руководством В.В. Давыдова и А.К. Марковой.

3 года в Москве В.В. Давыдов являлся директором научно-исследовательского института психологии. Куляш Айтмолдановна успешно закончила аспирантуру, в 1976 г. – защитилась. Тема диссертации - «Психологические особенности учебной деятельности при усвоении русского языка в казахской школе».

Во время экспериментирования своей научной деятельности в Алматы по приглашению Куляш Айтмолдановны приезжали такие ученые из России как Маркова А.К., Давыдов В.В. Они были приятно удивлены гостеприимством, радушием алматинцев, знакомились с этнокультурой, традициями, обычаями казахского народа. После защиты ее оставили работать младшим сотрудником, затем старшим сотрудником в научно-исследовательском институте, далее заведующей лабораторией возрастной физиологии, гигиены и психологии школьников.

С 1982 г. Куляш Айтмолдановна преподает в КазПИ им.Абая на кафедре под руководством кандидата психологических наук Муканова Мажита Мукановича.

Так прошли ее первые 15 лет в данном ВУЗе. Мама Куляш Айтмолдановны свои военным друзьям говорила: «Моя мечта, пока я жива, увидеть дочь доцентом». Подруги мамы Какимжанова М., Базакова Л. написали обращение на имя Секретаря ЦК партии КазССР. Через три дня пришла телеграмма из ЦК домой, которая удивила мать и дочь. Это стало полной неожиданностью для них, так как они ни к кому не обращались с этим вопросом. Через три дня комиссия в составе (Батанова из ЦК, Щепель из горкома партии, Алшанова) пришли с проверкой на кафедру. Проверили и через три дня было дано объявление на вакантную должность в газету «Вечерняя Алма-ата».

ВАЖНУЮ роль играет ее работа по национальной психологии. Ведь обычаи и традиции любого народа – это нравственный кодекс. Они обобщаются в нормы народной морали, говорят о том, что прежде всего ценится в человеке.

В 90-ых годах (со слов К.А.) ее кандидатуру выдвинули на действительного члена Нью-Йоркской Академии за большой вклад в науку и за новые технологии.

Принимала активное участие в научных форумах, выступала в СМИ в международных научно-практических конференциях. Она постоянно являлась действующим членом лаборатории учебной деятельности того института в Москве.

В 1991 г. шестеро врачей объявляют голодовку и к ним присоединяется единственный педагог Оразбекова К.А. Ее требования на тот момент были:

- 1) В казахских аудиториях читать лекции на казахском языке;
- 2) Использовать учебном процессе литературу на казахском языке, где были бы отражены примеры жизни казахских просветителей и ученых;
- 3) Изучать научные работы по традициям обычаям казахского народа (Еликеев, Сарсенбаев, Жукеш, Оразбекова К.А. и др.).

Эти требования и пожелания были услышаны и претворены своевременно в жизнь на уровне ЦК ПСС. Кстати, когда Куляш Айтмолдановна была в борьбе, ее студенты переживали за нее и даже посвятили в ее адрес пламенное стихотворение.

Только насквозь пронизанное народной духовностью воспитание, способно трансформировать пассивную человеческую личность. Историческая практика показывает, что только тот субъект регулирования духовно-нравственной ценности, который хорошо знает требования комплексного подхода. Умеет руководствоваться им в своей воспитательной деятельности, способен эффективно осуществлять регулирование процессом формирования и развития нравственных ценностей. При этом необходимо всестороннее изучение особенностей различных социальных групп людей, национальностей и умелого учета выявленных особенностей в работе с ними, а поэтому творческий, плодотворный труд доктора педагогических и психологических наук Оразбековой К.А. увенчан многочисленными благодарностями, медалью Ерэн Енбегі Ушін, медалью ветерана труда, орденами. Она очень благодарна Аллаху, за то, что на ее пути, в ее судьбе сыграл большую роль наш Президент, основатель суверенного демократического светского общества Республики Казахстан.

«Если хотя бы с одним человеком ты подружился достойным, можешь за день свой грядущий быть , как за прошедший, спокойным».

(О.А. Сегизбаев, Казахская философия XV-начала XX века. А., 1996, с.130)

БҮГІНГІ ЗАМАН ЖӘНЕ ҒАЛЫМ

Құрметті конференция қонақтары, әріптестер!

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі профессор Оразбекова Күләш Айтмолдақызының 75 жылдық мерейтойына арналған бүгінгі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Қазақстандағы білім ордаларының қара шаңырағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті білікті мамандар даярлау саласында 80 жылдан астам уақыт аянбай еңбек етіп келеді. Университет бүгінде отандық білім беру жүйесінде жүктеліп отырған зор міндеттерді жүзеге асыруда.

Ұлт болашағының жарқын болуы білім беру жүйесінің дамуына, ондағы білім мен тәрбиенің мазмұнына тікелей байланысты болғандықтан, бүгінгі жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйесін дамыту өзекті мәселе болып отыр.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында көрсетілгендей, білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау: білім алушыны тәрбиелеу, білім алуын және жан-жақты қалыптастыру, ана тілін, ұлттық салт –дәстүрлерді сақтау, ақпараттандыру, денсаулығын нығайту. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойына қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады. Ел басымыз Н.Назарбаев: «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек», - деген сөзі бүгінгі ұстаздың негізгі ұстанымы болуға тиісті.

Бұл міндетті шешуде мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарының жауапкершілігі ерекше болмақ. ХХІ ғасырдағы тасқындаған толассыз ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер мен даму қарқыны ағымында өмір сүріп жатқан жастарға ұлттық білім мен тәрбиені дарыту мәселесіне бүгінгі күні айрықша мән беріліп отыр.

Бүгінгі «Ұлттық білім берудің қазіргі мәселелері және оны шешу жолдары» деп аталатын халықаралық ғылыми – практикалық

конференцияның педагогика ғылымдарының докторы, профессор Күләш Айтмолдақызы Оразбекованың 75 жылдық мерейтойына арналып отырғандығының өзіндік себебі бар. Елу сегіз жыл бойы, әлі бүгінде ұстаздықты серік еткен, сол жолда педагогика мен психология ғылымдарының тізгінін қатар ұстап, жан – жақты зерттеген, одан әрі дамуына сүбелі үлес қосқан профессор К.А. Оразбекованың еңбектерінде ұлттық сана мен бояуы қанық қазақи тәлім – тәрбиені жүйелеп, ұлттық тәрбиенің басты мұраттары мен ұстамдарын жан-жақты саралау арқылы ұлттық психологиямыздың қыр-сырын ашып көрсетеді. Әлемге үлгі етуге тұрарлық қазақи кескін-келбетіміз бен ұлттық ерен психологиямызды шәкірттердің санасына терең сіңіріп, әдет-ғұрпымызды тек имандылыққа жетелеп, ұғындырған Күләш Оразбекова қай жағынан алсақ та ғалымға тән табандылық пен талғампаздық танытып келеді. Бүкіл саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне, ұлт болашағына арнаған Күләш Айтмолдақызы 400-ге тарта ғылыми еңбектер жазған. Атап айтқанда, «Қазақ мектебінде орыс тілін меңгерту психологиясы» атты монография, «Алтыжасарлармен оқу-тәрбие жұмысында дидактикалық ойындардың ролі», «Дидактикалық ойындар», педучилищелерге арналған «Ата дәстүрі- әдеп – болашақ игілігі», «Иман және инабат», «Қазақ отбасының психологиясы», «Мұғалімнің қалыптасуы» т.б. оқу құралдарын жазды. Ұлттық психологияны іргелі ғылым саласы ретінде қалыптасып орнығуына елеулі үлес қосқан, осы арқылы халқымыздың ғасырлар бойы ажырамас игілігіне арналған салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымыз бен кісілік қалыбымызды, ешкімге ұқсамайтын дара ірілігіміз бен өршіл ой-санамызды жан-жақты зерттеген, соны бүгінгі ұрпақ қолына аманат ретінде жүйелей табыстаған Күләш Айтмолдақызының 3томдық «Ұлттық психология» кітабы – жастарға ұлттық білім берудегі іргелі еңбек.

Кезінде «ҚР білім беру ісінің үздігі», «Ерең еңбегі үшін» медальдарымен марапатталып, Нью-Йорк академиясының толық мүшесі және Құрметті доктор атағына ие болған Күләш Оразбекова жуырда ғана «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» құрмет белгісін иеленді.

Ұстаз-ғалымның көтеріп отырған мәселелері бойынша бүгінгі күні университетте де жан-жақты зертеулер және жұмыстар ректорат тарапынан жүргізілуде. Студенттердің «Этикалық кодексі» қабылданды, ұлттық тәрбие құндылықтары халықтың педагогикаға негізделген «Ұлттық тәрбие» пәні оқу үрдісіне енгізілді. Осыған байланысты «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылып, бүкіл республикаға тарайтын осы аттас ғылыми-көпшілік журналы шығарыла бастады және де біздің оқу орнында «Ұлттық тәрбие жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесі» құрылды. Ұлттық санаға негізделген ұлттық мемлекет болуымыз үшін ұлттық білім беру мен тәрбиенің қазіргі кездегі кезек

күттірмейтін мәселелері мен оны жүзеге асыру жолдарын қарастырып, талдауға, өзара пікірлесуге, тәжірибе алмасуға арналған бұл конференцияның ұстаздар үшін маңызы жоғары екендігі сөзсіз. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

«Біздің елде де үлкен лауазымды жұмыс істейтін әйел-қызметкерлер де, ғалымдар да көбейіп жатыр. Міне, бүгін өздеріңіздің араларыңыздағы 75 жылдық тойына арнап конференция өткізіп отырған үлкен ғалым, психология ғылымдарының докторы, профессор, дін жолында жүрген, сан рет қажылыққа барған, әйел, ана, ел-жұртқа, дос-жаранға қадірлі – Оразбекова Күләш. Күләш қарындасымды мен 2000 жылдан бері білемін. Сол жылы Мекке- Мединаға қажылық парызымызды өтеуге барғанбыз. Күләш бізден бұрын бірнеше рет барған екен. Қажылыққа барған адамдар Алла тағаланың үйінен көрген қағбадан және Мұхаммед (сғс) Пайғамбардың туып-өскен жерінен тәбәрук етіп, үйлеріне сыйлықтар алып қайтады. Біз бірінші рет барғандықтан, қаланы, оның сауда базарларын, дүкендерін білмеген соң менің қасымда жүрген Тойкен деген ақсақал екеуміз Күләшқа: «Айналайын, қарындасым, бізге де біраз сауда дүкендерін аралатыңызшы, үйге, бала-шағаға сыйлық алайық», - дедік. Күләш бір сөзге келген жоқ, екеумізді 2-3 сағаттай аралатты, біз өте риза болдық. Күләштің ағаларын сыйлағанына, кішіпейілдігіне сол жерде жүріп көзіміз жетті, қасиетті жерде ол сауап жасады.

Айналайын, Күләш қарындасым, сіз осындай үлкен дәрежеге жеттіңіз, ғұлама ғалымсыз. Сізді Қазақстан бойынша халықтар таниды. Бүгінгі 75 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын! Құдай сізге денсаулық берсін, бала-шағаның қызығын көре беріңіз, өсе беріңіз, өне беріңіз! Бір сөзбен айтқанда, бақытты, өмірлі болыңыз!

ҚАЙЫРЖАН ҚАЖЫ МАКИН: Еңбек және қоғам қайраткері.

НАМЫС ПЕН ЖІГЕРДЕН ЖАРАЛҒАН
Алматы мемлекеттік университетінің профессоры,
Нью-Йорк академиясының толық мүшесі
Күләш Айтмолдақызы ОРАЗБЕКОВА сыр-сұхбат

Алыста қалған студенттік шақ, сағынышқа айналған дәуір. Аудитория есігі айқара ашылып, кіріп келе жатқан Күләш апайды студенттер орындарынан тұрып, құрметпен қарсы алып, ізетпен сәлемдеседі. Сұлу жүзді ұстаз жымия күліп, көп кешікпей-ақ қоңыр даусымен кезектегі лекциясын

бастап та кетеді. Белгісіз бір сиқырға арбалғандай студенттер тым-тырыс, ұстаздың аузын бағады. Қыздар қиялдайды: «Күләш апайдай білікті де білімді ұстаз болсам»деп. Ұлдар армандайды: «Менің жарым осы кісідей болса екен» деп. Тән сұлулығы мен жан сұлулығы жарасым тауып, ақылы мен парасаты арқылы кім-кімді де болса тәнті еткен Күләш апай Абай атындағы КазПИ-де сексенінші жылдары білім алған шәкірттерінің қиялында өшпес із қалдырған еді. Арадан көп жыл өткен соң Күләш Айтмолдақызымен кездесудің сәті түсті.

АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне бағыштап келе жатқан Күләш Айтмолдақызы әрқашан жаңалықтың жаршысы бола білді. Ұлттық психология саласында өнімді еңбек етіп, аса маңызды бастамаларға негіз салып жүрген ұстаздың әңгімесі былайғы жұрт аса мән бере бермейтін көп жәйтқа көз жеткізеді. Халықтық педагогиканы насихаттау жолында қырық жыл өмірін арнаған оның бала тәрбиесі, имандылық, ізгілік, рухани болмысымыздың бүгінгі өресі жәйлі айтары мол.

Күләш апай айтады: - Шәкәрім атамыздың «Адамда екі түрлі мақсат болады. Бірі – тән мақсаты, екіншісі- жан мақсаты» деген сөз бар. Қара басының қамын ойлап, өзімшілік жасап, мақтан көксейтіндердің бойына тән мақсаты басым болады. Ал адамшылық, ар мен ождан, адал еңбек іздейтіндердің басты қасиеті – жан мақсаты. Бұл екеуі де тәрбиеден білінеді. Егер тән мақсатын көксеген адамды бала өнеге етсе, ол ер жеткенде зұлымдық, қиянатпен болса да мал, мансап, мақтан табуға құмар келеді. Ал жан мақсатын ұстанған адамды өнеге тұтса, ол болашақта адал еңбек, ақ ниет, иманды, инабатты, болып өседі. Осыны біле тұра адамдардың көбі тән мақсатымен кетеді. Себебі өзін-өзі тексеріп, жаман әдетті қалдырып, сананы ақылға билету мыңдардың бірінің ғана қолынан келеді. Міне, осы тұрғыдан алғанда жан ілімін (психологияны) білу ауа мен судай қажет. Болашақ ұрпақтың танымын дамыту қажет. Бала өзін біліп, өз жан дүниесінің сырын жақсы ұқса, басқаны да жақсы түсінеді. Яғни, адам тану қабілеті қалыптасады...

Психолог-ғалым Күләш Айтмолдақызы үлкенді-кішілі 115-тен аса еңбек жариялаған екен. Халық педагогикасында елеулі орын алатын «Бала тәрбиесі бесіктен басталады», «Тұрмыс-салт, дәстүр», «Әдеп пен сыпайылық туралы» сияқты ұлағатты еңбектері педагогтар үшін таптырмас серікке айналды. Ол халыққа білім беру ісінде ізденімпаздығымен, табандылығымен көрініп, бұрынғы одақтың көптеген ірі қалаларында болған съезд, симпозиум, конференцияларға қатысты. Тіл мәселесі, ұлттық психология, ата-дәстүрдің рөлі туралы үлкен мәселелер қозғады.

Күләш апай айтады: - Жастар жаңа бүр жарып келе жатқан жауқазын гүл іспетті. Қазақ жастарының мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, жұртпен қарым-қатынасы, тағы басқа мәселелер төңірегіндегі ойлармен талай тандарды ұйқысыз атырдым. Оларды қалайда соқпағы мол өмір мектебінен сүріндірмей өткізудің жолын іздестіріп, шарқ ұрдым...

Имандай шыны бұл. Ұстаздық жолын аға пионер вожатый болудан бастаған жас қазақ қызы алынбас қамалдай көрінетін психология ғылымының соңынан түсіп, мектеп оқушыларының жан дүниесін дамытып, қалыптастыру жолында өз өмірін арнады. Бала тәрбиесі, ұстаз тағылымы жайында толғақты ойлар, келесі кеңестер ұсынып жүрген ел болашағының жанашыры ретінде көпке танылды.

Намыс пен жігерден жаралы жан жас ұрпақты ұлттық дәстүр тағылымдарымен сусындатып, халқына қалтқысыз қызмет етіп келеді. Дегенмен, жаңашыл ұстаздың ғылыми жұмысының жолы даңғыл болды деп айта аламыз. Соқтықпалы соқпағы мол мынау өмірде жігерінді жасытқысы келетін әрекеттер көп кездеседі ғой. Күләш Айтмолдақызы да аяқтан шалу, тосқауыл қою сияқты тосын әрекеттерден тыс қалған жоқ. Арызқойлық, көре алмаушылық оның да алдын орап отырды. Жығылған кезде жанына тіреу болған арына сүйенді. Сүрінген кезде қашанда қасынан табылған адал жандарға сенді. Ең бастысы намысын таптатпады, жігерін жасытпады.

Күләш апай айтады: - Менің ұстаздық өмірімдегі негізгі мақсатымның бірі- ұлттық психология кафедрасын ашу еді. Бұл ойым кейбіреулерге онша ұнай қоймады. Қазір студенттерге баяғыдай қатып қалған қасаң қағиданы тықпалап, сірескен аударманы оқытып, шақшадай басын шарадай етіп босқа шаршатпай шығыс елдеріне тән ұғынықты, жанға жақын дүниелерді ұсынуымыз керек.

Бұтақ қисық өссе, оның міні ағашқа сын. Бірақ мұны біреу түсінеді, біреу түсінбейді. Ең өкініштісі, сақал мен шаштың ағын сыйлауды, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету тәрізді жарасымды сыйлықты билік, лауазым мен атақ-дәрежеге қарай жасайтын болдық. Қу дүниенің құлағын ұстап отырған бір дөкей жөпелдемеде түшкіре қалса, «жәрекімалламызды» жамырай айтатын ауруға ұшырдық. Заң-зәкүн солардың көңіл-күйіне қарай құбылып, жел солар бұрылған жақтан тұрады. Ұлттық мемлекеттің сипаты көрінетін ұлттық идеологияның демі де осы ошақтан қайнап шығады.

Республика білім салаларының өзі тоталитарық жүйе кезінде қанша өзгерістерге ұшырады десеңізші. «Ойбай, қазақ тілі қол болмайды, орысшаға көшейік» деп ұрандауымыз мұң екен, онсыз да қалт-құлт етіп тұрған қазақ мектептерінің саны сиреді де қалды. Осы арқылы өзгені емес, өзімізді алдап

отырғанымызды түсінсек те, тарысын шашқан тауық заманның қаһарынан жасқандық.

Әліге дейін қатаң қағидаға айналған жаттанды ізден қара үзіп кете алмай жүрміз. Оқулықтар мен бағдарламалардың ептеп атын өзгерткенімізбен, тыңға түрен салып, жаңалық қосқанымыз шамалы. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік дүниелер. Одақтан қалған мұралардың өзін өзгертіп, жамап, жасқамасақ ішкеніміз ас болмайтын секілді.

Кейбір лауазымды адамдардың әдейі қолдан жасап, ұлттық тәлім-тәрбиенің бар байлығын жарқырата көрсетуге емес, керісінше бағын байлауға негізделген жүйесін қайта қарап, халықтық педагогика мен ұлттық психологияның шешімін күтіп тұрған түйткілді проблемаларын жеделдетіп шешуіміз керек...

Ғалым-психолог бұл сөздерді ашынғаннан айтып отыр. Халқымыздың тұла бойына тұнған алаөкпелік, даурықпалық, ұраншылдық, науқаншылдық сияқты жарамсыз қасиеттерін сынайды. Орыс тілінің қоғамдық қарым-қатынастағы орыны былай тұрсын, жастарымыздың бойына ұлттық педагогика мен психологияның нәрін сіңіретін ең негізгі салалардың өзі бөтен ұлт өкілдерінің тізгінінде отырғанын тілге тиек етеді.

Күләш апай-айтады: -Осыдан біраз бұрын Алматы мемлекеттік университетінің химия-биология факультетінен психология кафедрасы ашылды. Ізгі мақсат үшін университет ректоры бастаған басшылар бұл игі істе біраз тер төкті. Ақыры не болды дейсіз ғой. Қазақ жастарына өз ана тілінде тәлім-тәрбие береді деп үміттенген кафедраға қазақшасы амандық –саулықтан аспайтын оқытушылар келді. Сол сол-ақ екен, жаңа кафедраның оқу тәрбие жұмыстары орысшаға ойысып шыға келді. Онсыз да орыс тілінің ортасында өмір сүріп, қазақша білімнің кәусар бұлағынан қанып іше алмай жүрген жастарымыз «жалпы психологияны» шұқшия оқып, баяғыша орыс мамандарының еңбектерін көшіруге мәжбүр. Орыс факультеттеріндегі психология кафедралары білікті мамандармен толықтырылған. Қазақ бөліміндегі жастарымызға психология пәнін неге орысша оқытамыз, неге оны ұлт тілінен хабары жоқ адамдар жүргізеді? Осыдан келіп ұлттық психологияның тамырына балта шабылады емес пе?

ЕКІНШІ КЕЗДЕСУ

Алғашқы кездесуден кейін араға біраз уақыт түсті. Күләш Айтмолдақызының Нью-Йорк академиясының мүшесі болғанын естіп, құттықтадық. Қашанда ұлтым, халқым деп сөйлеуден танбайтын апайдың жүзінде қуаныштың лебі сезіледі.

Күләш апай айтады: - Еңбегің еш кетпей, ескеріліп жатса үлкен ғанибет екен. Жақында профессор деген атақ алдым. Дегенмен көре алмаушылықтың таяғын аз жегенім жоқ. Америка ғалымдары жете бағалаған менің ғылыми жұмысым, профессорлық атақ беру мәселесі психология ғылымына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын әртүрлі пән мамандары арасында саудаға түскен соң не айтарсың. Тек білікті ғалымдардан жасақталған ғылыми кеңес мүшелері ғана азды-көпті еңбегімді бағалап, профессорлық атаққа лайық деп тапты. Мұның өзі соңғы жылдары университетте көптеген мәселелердің оң шешіліп, әділдіктің салтанат құра бастағанын әйгілесе керек. Бұл жерде, маған ғылыми атақ бергені үшін ғылыми кеңес мүшелері алдағы кезде де осы адалдығынан ауытқымаса, еңбегі еш, тұзы сор болып жүрген көптеген қазақ ғалымдарына жанашырлық жасалынатыны даусыз.

Жақсылыққа жаны жадырап, жамандықтан түңіліп жүретін Күләш апаймен бұл кездесуіміз аты-шулы саудагерлердің Елбасына хат жазып, тілді саудаға салуды ұсынып жатқан кезеңі еді.

Күләш апай айтады: - Ұлт тағдыры, ұлт келешегі қу құлқын мен билік, мансаптың тасасында қалған елдің болашағы болмайды. Өз өмірбаянын сонау одақтан бастап, әлі күнге шашасына шаң жұқтырмай келе жатқан психологиялық шабуыл ерекше бой көрсетіп отырған осындай ортадан қазақша сөйлей алмайтын жастар шықпағанда қайтеді. Себебі кеше коммунистік саясат тілімізге балта шауып қана қойған жоқ, ұлттық қасиетімізді танып, білуімізге де шек қойды. Жастар болашағына қалай болса солай қарауымыздың салдары ақыры осыған жеткізді. Дәурені жүріп тұрған кезде мұң-мұқтажын айта барған жастарды оқырына қарсы алып, табалдырығынан аттатпайтын ағаларымыз бұл күндері ар-ұят жинап қойып, сауда-саттық арқылы іргелерін кеңіткен інілерін жағалап жүрсе, енді кейбіреулері азаматтығын жоғалтып алып жатса, оның ізіне ерген ұрпақтан не үміт, не қайыр. Атамыз қазақ «Ақыл – жастан, асыл –тастан», деп дүниеге келген сәбидің келешегіне көп көңіл бөліп, туған ұл-қызымен әдеп атты асыл қасиетті тең ұстай отырып, ашық пікір алысқан, қажет болса сырласа да білген. Қазіргі аға буын өкілдері:

«Өзің үлкен, қылығың бала-шаға»,

Балаша мәз боп жүрсің тамашаға», -

деп данышпан Абай айтқандай, қызық қуып, қу қарақан басының қамымен кетті. Бұған «көз тоймайтын көркің мен денсаулығың мықты болса, қалғанын өзіміз реттейміз» деп күн сайын сан рет қайталап, санымызды улап жатқан шет елдік жарнамалар мен майдан қыл суырғандай сайдалап сөйлеп, ақыл-есімізді матап тастайтын христиан діні миссионерлердің насихатын қосыңыз. Осының

өзі-ақ онсыз да алтыбақан алауыз болып, өзара ауыз біршіліктен жұрдай қазағымның жастарын жолдан бұра тарқызып, адастыруға жетіп жатыр, Егер мұсылман діні ерекше жолға қойылып, оны насихаттау жұмысы жандандырылса, жоғарыда айтылғандай имансыз төбе көрсетпес пе еді кім білсін.

Әңгімені әріден қозғап, зерделі жанға бұрыннан таныс жайларды қазбалап, қазып отырғаным, қазаққа жаны ашымайтындардың осы буынның төңірегінен от шығаруға әуес екендігін айту еді. Қос тілділік, қос азаматтық, жерді сату, ұлттан бас тарту тәрізді пікірлер күні кеше өзімізбен бірге империялық бұғаудан басын босатып алған Кап тауындағы республикалар мен Өзбекстан, Түркіменстан, тіпті, мына Қырғызстаннан неге бой көтермейді? Оларда да сан алуан ұлттың өкілдері тұрады емес пе? Олардан бұндай «өнер» шықпайды. Өйткені олар ұлт келешегінің неде екенін, ұлттық намыстың қандай екенін жан-тәнімен сезінеді. Қасиетті ұлт өнегесі солай үйретіп, солай қалыптастырған. Халықтық тәрбиеден мақұрым қалған азаматтарымыз «ұлтымызды көрсетпейік» дегенде Америкаға қарап еліктейтін болар. Онда қателескені. Қарақтарым-ау, америкалықтарға ата-бабадан қалған қоныс жоқ, үндістердің жерін мекендеп отыр. Сол себепті әу бастан-ақ отарлап алған жерлерін уыстан шығарып алмау саясатын берік ұстаған америкалықтар ата-бабасынан қалған тектікті (трайбализм) сақтап табалдырығынан аттаған адамды ортақ мақсаттарында бағындыра білген.

Жапондықтардың «Тектіліктің әсері тәрбие әсерінен анағұрлым мықты» дегені нақ осыны меңзесе керек. Табиғаттың тепе-теңдігін сақтаған шведтер де халықтық қасиетін жоғалтпай, әлемге үлгі болуда. Ал тектілікті, табиғаттың тепе-теңдігін сақтау сияқты асыл қасиеттер әдет-ғұрпымызбен салт-дәстүрімізде баяғыдан бар. Өкініштісі, біз соны лайлап алдық. Ендігі мақсат – қадыр-қасиеті арзандай бастаған сол халықтың асыл мұрасының бітелген көзін ашып, болашақ ұрпақтың кәдесіне жарата білу.

«Қазақстан көп ұлтты мемлекет» деген мағынасы бұлдыр сөз тіркесі де санамызға судай сіңіп, бірімізді шатастырса, екінші біреудің қолындағы қуатты қаруға айналып отыр. Саяси мәні зор құжаттар мен қазақ басылымдарына да солай жазылып жүр. Мағыналық қарама-қайшылығы көп қойыртпақ тіркес. Егер көп ұлтты мемлекет болса, онда Қазақстан ұлтсыз республика болғаны. Ол тек қазақтардың ғана емес, Қазақстанда жасайтын өзге де ұлттар мен ұлыстардың намысына тиетін нәрсе. Дұрысы, **Қазақстан көп ұлттың өкілдері мекендейтін мемлекет** деу емес пе! Бойында қазақтың қаны жоқ азаматтардың қанаттанып ұшып жатқан ұясы міне, қайда жатыр. Жетпіс жылдан астам уақыт бойы денеге сіңген дерттің ащы запырандары жоғарыда аталған саудагерлердей болып алдымыздан шығуда. Түрлі

кезеңдердегі саясаттың соңына бүлкілдеп еремін деп жүріп, нақты бағдарын жоғалтып алған тәлім-тәрбие жұмыстарының қордаланып, ақырында алдымыздан шығып жатса, оған айыпты өзіміз ғана.

Бұл айтылғандарды ұлты үшін шырылдап, отқа түсіп күйіп, мұзға оранып тоңып жүрген адамның жан айқайы, жан дауысы деуге болады. Жоғарыда тілге тиек етпек болған кемшіліктердің, сорақылықтардың орын алуы неліктен деп жауап іздеп көрдік пе екен? Бүгінгі ұрпақ (әсіресе, ел тізгінін ұстаған азаматтар) ертеңгі ұрпаққа қандай мұра қалдырдық деп ойлар екен? Бабадан қалған тілді өшіріп, атадан қалған жерді саудаға салып, бүкіл бір халық тозып кетпей ме?

Күләш апай айтады: Ұлттық қасиетімізді сақтап, іргелі ел болу үшін денені жайлаған дертті емдеу керек. Жалпы ойымызды түйіндеп айтар болсақ, ұлттық психологиямыздың табиғатына, адамгершілік, таптық белгілерімізге дақ түсіріп алдық. Ұлттық сезім мен намыс там-тұмдап азайып, қасиетті ата-баба жолынан алыстап барамыз. Ұлттық сезімнің төмендегені соншалық, қазір аралас неке дегендерге мән бермейтін болдық. Әке балаға, қыз шешеге жат болған қатал заманның табалдырығынан аттадық. Қара шалдар мен қара балалар саны көбейді. Бірақ оған қабырғамыз қайысып жүрген біз жоқпыз. Ішкен мас, жеген тоқ. Сонда ұлт тағдырын кім ойлайды?

Тіл жоғалған күні ұлт та тарихтан өшеді. Ел арасында осыны түсінетін көзі қарақты азаматтарымыз жоқ емес. Соларға сенім артып, соларға арқа сүйейік!

ҮШІНШІ КЕЗДЕСУ

**Жақсымен болған үлпәтің
Машырықтан таң атқандай.
Сөйлесең тарқар ғұмырың
Көңілде шүбә дақ қалмай.
Білмеген сөзді білдірер
Сауалдан сауат ашқандай...
Халыққа қымбат қадірлі
Сыртына дәрлі асқардай.
Тал жібектей елілген
Жақсының жайы нақ сондай.**

Күләш апай айтады: Аймауытов кітабына ағылшын джентельмені (азаматы) қандай болу керек болса, Оксфорд сондай джентельмен болатын оқуды үйретеді деп жауап беріпті оның профессоры өзіне қойылған сұраққа дейді.

Міне, мынау 60-жылдар жастары. Қазақ елінің ұл-қызы екені байқалып тұр. Ішінде қойшысы да, сауыншысы, аудан бастығы, сот, мұғалім бәрі бар. Ал қазір осылардың, яғни мамандардың бәрі быт-шыт, бірін-бірі білмейді. Міне, құлдырау осыдан басталады. Жалғыз бір мамандық адамы елді көркейте, байыта алмайды.

Қалғаны оған кедергі жасайды. Егер олар жеке-жеке қазан аспай бір мүддені алға қойса, әрине, оған көп боп жетер еді.

Сонымен қатар тәрбие-дәріс беруде әлі өзі оң-солын аңғармаған жастар алынады. 60 жылдары аспирантураға жолдамамен, тәжірибесі бар, өмірде бір жақсы іс өз бетімен, күшімен істеген адамдар алынатын.

Кей азаматтар өз балаларын ғана орналастырумен шұғылданады. Басқа балаларға бөтен деп қарайды. Тәрбиеге бұлай қарау, оны бұлай қарау, оны бұлай түсіну өзімшілік сезімнен туған ұнамсыз жай. Шын мағынасында тәрбие бәрімізге ортақ іс. Соны білген ата-бабамыз баланы ауыл боп тәрбиелеген. Олар жастар жанын уыздай балғын шағынан зор мақсаттың адамдары етіп тәрбиелемесек, ертеңгі күні көп жайлардан ұтылатынымыз өзінен өзі түсінікті деген.

Күләш апай айтады:

Өркениетті елдің – өнері биік!

Бірінші жер байлығымызды әлі бағалай алмай келеміз.

Басқа елге қарап қайран қаласың

«Шіркін, Шоқан көреген ғой! Ол: «Ағайын түгел болса ат көп, абысын түгел болса ас көп», «Ер елімен мықты, емен жерімен мықты», «Азамат елден ажыраса – мәнсіз болар, Антей жерден ажыраса – әлсіз болар» демекші, осындай данышпан қағидаларды бойына түгел жинаған адам! Ол өзінің тағы үшін өспеген, азғантай елінің бағы үшін өскен азамат. Сондықтан да өзінің табан тірегіңнен, арқа сүйеріңнен, күш қосарыңнан айрылма, ажырама деп кесіп бабалар айтқан ғой».

Арабтар қамыс, қоға сабаннан ба жасаған үйлердің жанына ағаш егіп оны тормен қоршап қойған, жел, адам сындырып, мал тимесін деп. Оның күтіміне қыруар ақша шығарады екен.

Осыларға қарап біз құнарлы жерімізді осылай неге көгертпейміз деген ой туады.

Әбу ақынның жырларында да Адам жұмыр жердің бір жұдырықтай жүрегі тәрізді. Әлем ұғымы – Қасым мұрасында да, Әбу музыкасында да ең алдыен туған жер, атамекеннен басталады. Кейде олар бір-бірімен парапар. Дүниеге мақтаныш сезіммен үңілген ақындық жанның толғаннан, тебіренген сәттері бұл.

Жер тағдыры, ел тағдыры – керек десеңіз, бүкіл қазақ жырының арқауы. Тұманбай Молдағалиев Венецияның кәрі шежіре тарихынан өрт ішінде шыңғырған ана дауысын естіп қиналатын.

Күләш апа айтады:

Тағы бір көңілді ортайтатын жәйт.

Жиддада бізді қажылыққа әкелген (өз ақшамызға болса да) киімінде, сумкасында елінің туы бар біркелкі киінген Турциядай неге әкелмейді деп қиналдым.

Суреттен көріп тұрсыз. Олар тек сол елден келген адамдар ғана емес. Олар сол елдің бейнесі, көрінісі, хал-жағдайы, адамына, ұлтына деген сүйіспеншілігі.

Сондықтан болар, олар аэропортта да тулары ілінген, безендірілген, арнайы бөлінген орындықтар отыруға да, жатуға да болатын қоршалған жерде орналастырылды. Және жинақы у-шусыз 70 мың адам зор қамқорлықпен тез-тез жүргізіліп отырды. Өзін сыйлағанды, өзге де сыйлайды деп біздің халық бекер айтпаған.

Ал біз Қазақстаннан келген барлығы 80 адам әлім-сәлім киінген аэропортта да, Меккеде де шаңға аунап жерде жаттық. Бұл тек мәдени төмендігі емес, біздің мешіт жаңарсадағы ондағы жұмыстың әлі төмен дәрежеде екенін көсетеді. Мешіттің атқарып жатқан жұмысы мемлекетіміздің мәртебесін көтеріп, оның намысын төмендетпеуі деп ойлайды. Және мешіт 2000 доллармен апарып, одан кем ақшамен әр түрлі фирма арқылы барғандардан жағдайы, тамағы, ұйымдастыру жағы өте нашар болған соң, әрине күнде бір адам жоғалып, 4-5 күн соны іздеумен әлек болады. Менің қиналатыным, бір адам мынау қалай деп бетке айта алмайды. Тек сыбыр-сыбыр, жыбыр-жыбыр. Басқа біреудің айтқанын қалайды. Құранда сен мен үшін төсектен бас тартып топыраққа аунап, не берсе соны жеп, не ашқолшылық жаса деген. Қайта ауру-сырқауға ораза ұстауда т.б. жеңілдік беріп, жолда жүргенде кешірім жасау жолдарын да көсеткен.

Сол сияқты қасиетті жердің адамдары да бойында бір кемістік көріне қалса «Харам» деп түзетуге көмектеседі, дұрыс әдемі болса күлімсіреп, құшақтап, бас изеп жылы ниет білдіреді,

Тілеген тілекті әр кім өз жұртына жұмсайды. Бұл адам баласының сүйегіне біткен табиғи мінез.

Күләш апа айтады. Кейінгі кезде Кеңсайда орын жоқ деген сөзді көп естиміз. Ал Мекке-Мәдинәде өлген адамға тек біркелкі тас қана қояды екен.

Тап-таза, бәрі көз алдында. Тіпті Хамзаның жатқан жері де солай, тек тас жатыр.

Күләш апай айтады: Шет елде жүргенде адамдар арасындағы өзара қарым – қатынас сүйіспеншілікке, ер мен әйелдің барлық жағынан толық теңдігіне негізделген.

Американың бай ғалымдарын қазақ елінің жақсы әдет – ғұрпы мен оның тарихы, жері және адамдары да қызықтырады. Олар елінің көркеюіне, баюына қызмет етеміз дейді. Яғни елдің көркеюі, халықтың баюы, жастардың көз алдында өтіп мен де солай болсам деп еңбек етуге қызықтырып, алға жетелеуі керек.

... Қай бір ұлтты, халықты алмайық, бәрінің де өзіне ылайықты тілі бар. Халық өз тілін ең ардақты нәрсе деп санайды, сүйеді. Ана тілін сүймеген адам, қырғыз ақыны Сарноғәевтің айтқанындай, – халқың сүйіп те жарытпайды. Әрбір тілдің жетілуі, даму дәрежесі сол халықтың ұлттық мәдениетінің негізгі өлшеушісі, көрсеткіші, формасы. Мұны яки тілді жасаушы – халықтың өзі. Сондықтан да ол бүтіндей халыққа қызмет етеді. Ана тілін Қадірлемеген халықтың халықтығында сән жоқ. Өйткені ана тілінсіз ұлт мәдениетінің қаймағы – ұлт әдебиеті жоқ.

Мына Италияда болған кезімде мені қырғыз келіншегі, сөзбен жеңді. Ол Шыңғыс Айтматовтың өз елінің жастарына берген өнегесі деп білем.

Сол кезде ел ағамыз өз қызының қырғыз президентінің баласымен үйлендіру тойын жасап жатқан кезі еді. Мен саған – қазаққа құдағи болам, сондықтан мені күтуің керек деді. «Сөз тапқанға қолқа жоқ!» Жеңілдім. Мен де олай айтуды білем.

Бірақ біз әлі ойымыздағыны айтып жіберуге бара алмай жатырмыз. Кім қалай жеткізеді, арты қалай болады дейің?!

Ол себепсіз емес. Есіңізде болар, мен 1992 жылы қазақ бөлімінде дәрі өзінің ана тілінде берілсін деп екі күн үйде аштық жарияладым.

Ал сол кезде кардиолог – дәрігерлер де аштық жариялап ескі алаңда жатқан.

Менің оларға еш қатысым жоқ еді. Оған міне дәлел:
Краткое основное содержание статьи и интервью кандидата психологических наук доцента Куляш Айтмолдановны Оразбековой, опубликованные за период 1992 года на различных газетах республики Казахстан (на казахском языке) смысловой перевод.

1. «Аштықтың ақыры» (Последствие голодовки), газета «Жас алаш», № 147, 4 август 1992 г. Суть данной статьи: нет необходимости учить

студентов по переводным книгам, написанным на достижениях европейских народов. Лучше преподавать этнопсихологию казахов, с учетом национальных особенностей. Почему мы не изучаем глубже психологические взгляды Абая, Магжана, Шакарима. В результате чего, мы лучше охраняем национальную традицию народов.

Есть расхождение между делом и словом ректора Садыкова Т.С. Он обещал об организации кафедры этнопсихологии. Свое обещание он не выполнил.

2. **«Бір мезеттен мың күндік сабақ» (Из одного для событий можно извлечь тысячедневные уроки) газета «АЗИЯ» №3 июля 1992 г.** Суть статьи: Основная причина вашей голодовки? Основная причина голодовки – не преподается наследствие Ж.Аймауытова, А.Байтурсынова, М. Дулатова , М. Жумабаева. Выпускаются труды многочисленным тиражем причем ежегодно русских психологов Гальперина, Рубинштейна. Тогда когда не издаются труды выдающихся психологов – казахов. Привить студентам национальную тардицию. Уважение старших к младшим.

3. **«Кібіртiк кезең». («Нерешительный период») газета «Халық кеңесі» №229, 1 декабрь 1992 г.**

Основное содержание статьи заключается в следующем. Взаимоуважение супруг, особенно молодых. Взаимоуважение при супружеской жизни. Понять друг друга. Производить общественное положение в жизни народов – казахов. Есть конкретные примеры поучительные. Біздің қазақтар өз күші жетпесе «Біреудің қолымен от көсегенді жақсы көреді». Осы бабалар айтқандай кардиологтар өз тізіміне үлкен плакатқа мені пихолог дәрігер деп қосып қойыпты. Ести сала барып алғызып тастадым. Бірақ әлі күнге дейін қиналатыным, қазақтың біртуар ұлы, әлемге аты шыққан, ісі халқына жағып, жастарға өнеге болған ұстаз, ғалым, шебер хирург Әлиев ағамыз менің дәрігер еместігімді және ол кардиологтарға үш қайнатса сорпам қосылмайтынын біле ме екен? Жоқ , бір дұшпан оыны пайдаланып еш кінәм, оларға қатысым жоқ болса да мені Әлиев ағамызға «Ақ қарға» етіп көрсетті ме? Неге сонда барып айтып шықпадым деп қиналам. Тек білімді азамат қой, кімнің «ақ», кімнің «қара» екенін аңғарады ғой деген ой алға жетелеп: «сабыр, сабыр» дейді.

Апай айтады: Үшінші, біздің қазақ әй жарайдыдан арыла алмай келеді.

Құрбандыққа әкелген қойды қолымен ұстап, өзі союдың орнына, басқа ұлт сойып уыстап ақшаны әкетті.

Мен өзім қойды таңдап Аллаға қабыл алды айтып, көз алдымда сойғызып, бөлшектетіп тарататынын ол жерде таратып, пісіріп ауыз тиетінін алып қалып, құдайы асты да өзім дайындаймын.

Құрбандық ойдағыдай болды, ішек, қарнына шейін тазартылды. Балаларыма өнеге болсын, осылай істеу керек екенін білсін деп суретке қой сойған және Құдайыны алған адамдармен суретке түсуді жөн көрдім. Өйткені, сөз ұмытылады, сурет қалады.

Міне,енді осындай өз қолыңмен іс атқарған соң Алладан тілек сұрауда ұят емес?!

Төрт мәртебе қасиетті Мекке– Мединаға барғанда көппен бірге Қағбаға қол тигізіп, сүйіп, көз жасыңды көл қылып жылап жүріп, жүрек дірілдеп Құдайға құлшылық жасап елінің, жерінің, халқының, отбасының тілеуін тілейсің.

Римде осы ғұлама бабаларының аяғын сипап тілек айтса, міндетті түрде ол тілек орындалады деген ұғым бар. Маған да кезек келді. Мен ұстап тұрған аяғы ғұламаның елдің сипауынан шойыннан құйыла да жұқарған. Қазақтың «Көп түкіре көл болады» дегені есіңе еріксіз түеді.

Ғ. Мүсірепов, М.Әуезов, еңбектерінде халықтық тәрбие туралы терең ой пікірлер бар. Ғасрлар бойы қазақ қандай ел болды, шаруашылығы, мәдениеті қалай дамып келді, жастарының ерте ержетуіне қандай амал – тәсілдер қолданылып еді, әдемілік, көркемдік деген ұғымдары қаншалық болды т.б осы сияқты қазақтың өзіне – өзін айқын таныта алатын мәселелерді халық тәрбиесінің негізі етіп алу қажет.

Көркем сөз өнерінің ертеректе өткен өкілдерінің артында қалдырған асыл мұралары адамзаттың тарихи даму процесінің белгілі бір сатысындағы қоғамдық өмірді,түрлі таптар мен әлеуметтік топтардың жағдайын, халықтың тұрмыс – тіршілігін, әдет – ғұрпын, салт – анасын, дүние танымын, т.б. терең танып білуге көмектеседі.

Талай– талай ғасырлар бойы халықтың ең асыл қазынасындай болып сақталып келген ежелгі мәдени мұралар, әдеби туындылар бүгінгі ұрпақ үшін тек эстетикалық тәрбие құрылы болумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге, ежелгі жыр – дастандар, қисса – хикаяттар, шежіре – кітаптар халқымыздың өткендегі жақсы дәстүрлерін– ата мекен Отанға деген сүйіспеншілік сезімін бүгінгі жас ұрпақтың бойына сіңіріп, оларды адамгершілікке, достыққа, әділдікке, ерлікке, еңбек сүйгіштік қасиеттерге үндейді.

Егеменді ел болған соң, сол елімізге керек қажетті істі жасауымыз қажет. Белгілі ақын Мұзафар Әлімбаев айтқандай:

Туған жерді сүю – парыз

Сүю үшін білу – парыз

Қасиетін ұғу – парыз

Күзетінде тұру – парыз.

Түсінген адамға осы төрт жолдың өзі үлкен тәрбие.

Түйін:

Алматы мемлекеттік университетінің психология кафедрасының професоры, Нью-Йорк академиясының толық мүшесі және Құрметті докторы Күләш Айтмолдақызы Оразбековамен үш кездесуімізде біраз толақты мәселелер тілге тиек болды. Әрине, бұл айтылғандар көргені көп, түйгені мол, білімі терең ұстаз ғалымының жан сырының бір ұштығы ғана. Күләш Айтмолдақызының ортаға салар ойы да, көтерер мәселесі де көп. Оның бәрін бір мақалаға сыйғызу мүмкін де емес. Сондықтан, мақаламыздың соңында көгілдір көктеммен, 2000 жылмен бірге келіп, есік қаққан, 60 жылдық мерейтойыңызбен құттықтағымыз келеді!

Шарафадин ӘМІР.

Поздравительное письмо!

Уважаемая Куляш Оразбекова, Международная Профессиональная Ассоциация специалистов комплементарной, альтернативной, народной медицины и психологов поздравляет вас с замечательным юбилеем. Мы рады с вами встречаться, дружить и сотрудничать. Позади остался славный жизненный путь, впереди знания и достижения. Много лет вы трудились для блага своей страны, показывали пример в работе, заряжали всех энергиями оптимизма и трудолюбия используя секрет вашей молодости и силы Духа. Вы всегда находите те нужные слова что бы поддержать, помочь, посоветовать и вселить надежду. Вы всегда будите поражать всех своим умом, щедрость, целеустремленности и жизнерадостностью. Вы согреваете всех своим теплом, дарите радость и доброту. Желаем вам чтобы Опыт, Мудрость и Удача управляли вашим кораблем жизни. Пусть за бортом останутся неудачи и огорчения, а сердце всегда будет открыто для новых свершений и побед.

С уважением Царевская С.Н., Президент Международной
Профессиональной Ассоциации, Академик, Доктор психологии и пед.
Наук.

Какау:

